



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұлттық Банк ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға өтінім қабылдауды
жалғастырады

Астана қ.

2026 жылғы 26 ақпан

Ұлттық Банк ақша-кредит саясаты мен қаржы тұрақтылығы саласындағы зерттеулерге арналған **VI ғылыми-практикалық конференцияға** қатысуға өтінім қабылдауды жалғастырады.

Конференция **2026 жылдың сәуір-мамыр айында Алматы қаласында** өтеді.

Жоғары оқу орындарының (оқытушылар, докторанттар) және зерттеу ұйымдарының қызметкерлерін келесі тақырыптық бағыттар бойынша баяндамашы ретінде қатысуға шақырамыз:

- Макроэкономикалық саясат;
- Қаржы нарығы, қаржы тұрақтылығы және макропруденциялық реттеу;
- Аймақтық трендтер.

Қызығушылық танытқан жағдайда 2026 жылғы **6 наурызға дейін** (қоса алғанда) «Конференцияға қатысуға өтінім» деген белгімен **conference@nationalbank.kz** электрондық поштасына өтінім мен ғылыми жұмысыңызды қоса жіберіңіз.

Конференцияда баяндама жасау үшін таңдалған авторларға тиісті хабарлама жіберіледі.

Толығырақ ақпаратты ұйымдастырушылардан **conference@nationalbank.kz** электронды пошта арқылы алуға болады.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz